

Аудандық мәслихаттың 2010 жылғы 24 желтоқсандағы N 9-25с "2011 жылы ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алу үшін әлеуметтік қолдауды ұсыну туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 2011 жылғы 18 тамыздағы N 6-32с шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 14 қыркүйекте N 13-13-145 тіркелді. Қолдану мерзімінің өтуіне байланысты күшін жойды (Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы мәслихатының 2012 жылғы 10 желтоқсандағы N 02-03-03/237 хаты)

Ескерту. Қолдану мерзімінің өтуіне байланысты күшін жойды (Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы мәслихатының 2012.12.10 N 02-03-03/237 хаты)

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 6-бабы 1-тармағы 15) тармақшасына, «Агроөнеркәсіп кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 66 Заңының 7-бабы 3-тармағы 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 шілдедегі № 753 «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы» қаулысына өзгерістер енгізу туралы» қаулысына және «Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы № 213 Заңының 21-бабына сәйкес, Уәлиханов аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Уәлиханов аудандық мәслихаттың 2010 жылғы 24 желтоқсандағы № 9-25 с «2011 жылы ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алу үшін әлеуметтік қолдауды ұсыну туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13-13-134 тіркелген 2011 жылғы 31 қаңтардағы № 5 «Ел тынысы» және «Шұғыла» газеттерінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

«1. Уәлиханов ауданының елді мекендеріне 2011 жылы жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына тұрғын үй сатып алу үшін, маман өтінішінде көрсетілген, өтініш берген сәтінде, бірақ 1500 (бір мың бес жүз) еселік айлық есеп көрсеткішінен аспайтын бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау ұ с ы н ы л с ы н » .

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Сессияның төрайымы

*Аудандық мәслихаттың
х а т ш ы с ы*

Т. Вьюшкина

Ә. Бейсенбаев

КЕЛІСІЛГЕН:

*« У ә л и х а н о в а у д а н ы н ы ң
а у ы л ш а р у а ш ы л ы ғы ж ә н е
в е т е р и н а р и я б ө л і м і »*

мемлекеттік мекемесінің бастығы

Н. Иманов

*« У ә л и х а н о в а у д а н ы н ы ң
э к о н о м и к а ж ә н е б ю д ж е т т і к
ж о с п а р л а у б ө л і м і »*

мемлекеттік мекемесінің бастығы

Ж. Ғабдуллин